

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қолданылған әдебиет:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96_%D0%B0%D0%B%D1%8B%D0%BF_%D2%9B%D0%BE%D1%8E.
2. 22 мамыр 1992 жылы қабылданған «Еңбекпен жер пайдалану туралы» Заңы // СУ РСФСР. – 1925. – № 27. – 188 бап.
3. Қазақ КСР Жер кодексі. – Алма-Ата, 1991. – 56 б.
4. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымда қабылданған Жер кодексі. 9-тарау.
5. Мемлекеттік мүлік туралы азақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы. 6-тарау.

УДК 343,343

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан ҚҚ-33 тобы студенті

Ғылыми жетекші: Ашимова Э.А.

Алаяқтықпен күрестің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу алаяқтыққа әлеуметтік әсер етудің барлық нысандарын тұжырымдамалық қамтамасыз етудің мәні дәстүрлі түрде бағаланбай келе жатқандығын көрсетеді. Ғылым көп жағдайларда криминалдық шындықтың «артында қалып қояды» және экономиканың қандай да бір секторларында алаяқтық оқиғаларының пайда болуын тұрақтандыруға, сонымен қатар мемлекеттік биліктің органдарымен тосыннан қабылданатын қылмысқа қарсы әсер ету шараларын ақтап алуға немесе оларға қарсы келуге мәжбүр болуда. Бұл ретте байқалып отырған өзге де үрдістер бар: ғалымдардың өз уақытында жасаған ескертулерін, тіпті тұжырымдамалық мағынада құжаттар түрінде рәсімделген ескертулерін көп жағдайларда тәжірибе елемейді. Бұның себебі жаңадан пайда болатын криминалдық қауіптерге алдын ала әсер ететін құралдардың жоқтығында ғана емес, сонымен бірге ғылыми зерттеулердің нәтижелерін құқық қолданушы тәжірибеге енгізуді міндеттейтін құқықтық механизмнің жоқтығында.

Алаяқтықпен күрес тұжырымдамасының мәселесі келесідей аспектілерді қамтиды:

- Аталған тұжырымдаманы бекіту және жүзеге асыру нысандары;
- Алаяқтыққа барынша осал құқықтық реттеу салалары;
- Мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының салғырттығы салдарынан болуы мүмкін алаяқтықтың салдарынан халықты қорғаудың құқықтық механизмдері;
- Алаяқтықпен күрестің түрлі шараларының арасындағы өзара қатынас;
- Алаяқтықпен күрестің түпкілікті мақсаттары;
- Алаяқтықпен күресті арнайы жоспарлаудың қолданылуының қажет екендігін көрсететін, алаяқтықтың аса қауіптілігінің критерийлері;
- Алаяқтықтың негізгі факторлық кешені [1].

Алаяқтықпен күрестің қазіргі заманғы мәселелері төмендегілерді қамтиды:

1. Алаяқтықпен күрестің репрессивтік әдістері экономикалық, ақпараттық, саяси және жалпы құқықтық сипаттағы профилактикалық шараларға қатысты бағыныңқы жағдайда болатын, нарықтық экономиканы аяушылықпен мемлекеттік реттеудің мақсаттарына жауап беретін, экономиканың әр түрлі секторларындағы алаяқтықпен күрестің тұжырымдамасын әзірлеу;
2. Қылмыстылықпен күресті күшейту бойынша федералдық және аймақтық мақсатты бағдарламаларға қосуға жататын алаяқтықпен күрестің тиімділігі жоғары шаралар кешенін әзірлеу;
3. Өлеуметтік-экономикалық реформаның қазіргі кезеңінің мақсаттарына жауап беретін алаяқтықпен күресті заңмен (соның ішінде қылмыстық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және азаматтық-құқықтық заңнама) және өзге де нормативтік қамтамасыз етуді жетілдіру;
4. Экономиканың әр түрлі секторларында жасалатын қылмыстарды тергеудің соңғы 10 жылда жинақталған тәжірибесін ескере отырып, алаяқтықпен күресті ұйымдық-құқықтық қамтамасыз етуді дамыту;
5. Алаяқтықтың алдын алу, тергеу, ол үшін жаза тағайындау бойынша қызметті ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етуді, бұрын алаяқтық жасаған тұлғаларға постпенитенциарлық бақылау жасауды, алаяқтықпен келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз етуді дамыту;
6. Экономиканың әр түрлі секторларында жасалатын қылмыстардың ерекшелігін ескеретін, алаяқтықпен күрес саласындағы құзыреттіліктері бар құқық қорғау органдары үшін кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру;
7. Трансұлттық алаяқтықпен, барлығынан бұрын, оның ұйымдасқан нысандарымен күрес саласындағы халықаралық серіктестікті дамыту.

Аталған мәселелердің әрқайсысы жеке-жеке терең зерттеуді қажет етеді. Аталған себеп бойынша осы жұмыста тиісті мәселелердің тұжырымдамалық аспектісі ғана көрсетілетін болады. Алаяқтықпен күрестің репрессивтік әдістері экономикалық, ақпараттық, саяси және жалпы құқықтық сипаттағы профилактикалық шараларға қатысты бағыныңқы жағдайда болатын, нарықтық экономиканы аяушылықпен мемлекеттік реттеудің мақсаттарына жауап беретін, экономиканың әр түрлі секторларындағы алаяқтықпен күрестің тұжырымдамасын әзірлеу мәселесін шешудің басымдығы (алаяқтықпен күрестің өзге мәселелеріне қатысты) айқын.

Соған қарамастан, бүгінгі таңда мұндай тұжырымдама жоқ. Ол экономикалық қылмыспен күреске жалпы тұжырымдамалық бағыттың элементтерінде «араласып» кеткен. Ол қылмыспен күресті күшейту бойынша федералды мақсаттық бағдарламаларда, сонымен қатар ТМД мүше-мемлекеттерінің аумағында ұйымдасқан қылмыспен және қауіпті қылмыстардың басқа да түрлерімен күрестің 2000 жылға дейінгі кезеңіне арналған Халықаралық бағдарламасында бекітілген. Бұл бағдарламалардың барлығы тактикалық сипатта болғандығын (соңғы бағдарламаны қоспағанда) және қазіргі уақытта олардың күшінің жойылғандығын айта кету керек. Атап айтқанда, бұны бағдарламалардың ешқайсысы да егжей-тегжейлі және анық тұжырымдамаға ие емес екендігі (бірінші бағдарламаны қоспағанда) дәлелдейді. Осыған ұқсас бағалауларды қылмыспен күресті күшейту бойынша Ресей Федерациясы субъектілерінің бағдарламаларына (жоспарларына) қатысты да айтуға болады. Аталған тұжырымдаманың жоқтығы алаяқтықпен күрестің мақсаттарын, қағидаларын және негізгі бағыттарын анықтауға, қылмыстардың аталған түрімен күрестің ресурстық қамтамасыз етілуін дәл есептеуге және қылмыстардың аталған түрінің даму үрдістері мен оған мемлекеттік әсер етудің тиімділігін болжауға мүмкіндік бермейді.

I. Алаяқтықпен күрестің тұжырымдамасын нормативтік бекіту мәселесін шешу, біздің көзқарасымыз бойынша, тиісті тұжырымдамалық ережелерді қылмысқа қарсы күресті күшейту бойынша федералдық мақсатты бағдарламаларда көрсету секілді шектеулермен

шектелмеуі тиіс. Алаяқтықтың кейбір нысандары (мысалы, мемлекеттік биліктің федералдық органдарының жоғары лауазымды тұлғаларының қатысуымен болатын алаяқтық, банктік қызмет, бюджетті атқару, мемлекеттік және муниципалдық мүлікті жекешелендіру және т.б. болатын алаяқтық), олардың өте қауіпті болуына байланысты, ҚР Бас прокуратурасының координациялық рөлі арқылы ведомствоаралық деңгейде қабылдауға болатын арнайы бағдарламалардың жекелеген тұжырымдамаларын жасауды «қажет етеді».

Мұндай тұжырымдаманы бекіту нысаны құзыреттіліктеріне қылмыстардың қарастырылып отырған түріне мемлекеттік әсер етудің түрлі шараларын қабылдау кіретін, құқық қорғау органдарының және бақылаушы органдардың бірлескен бұйрығының қабылдануы болады. Бұған қоса мәселені осылай шешу барлық қатынастарға қатысты алғанда толық қанағаттандырылған деп айтуға болмайды. Оның негізгі кемшіліктері мыналар: а) мұндай арнайы бағдарламаларға заңнамалық шараларды қосудың мүмкін еместігі; б) оларды жүзеге асырудағы азаматтық қоғам институттарының қарапайым рөлі.

II. Алаяқтыққа барынша осал экономика секторларының, тиісінше, қорғауды басым түрде қажет ететін экономика секторлары тізімінің мәселесі кейбір критерийлердің бір уақытта пайдаланылуын талап етеді. Олардың операцияландырылуы қолда бар криминологиялық мәліметтер негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұл мәліметтерді ішінара талдау аталған секторлардың алдын ала тізімін жасауға мүмкіндік береді. Олардың қатарына, барлығынан бұрын, бюджеттік несиелеу; банктік-несиелік қызмет; бағалы қағаздардың эмиссиясы; мемлекеттік және муниципалдық мүлікті жекешелендіру; өнімдер мен қызметтергесараптама жасау және оларды сертификаттауды лицензиялау және қызметтің жекелеген түрлерін тіркеу; шетелдік қаржылық және гуманитарлық көмекті ұсыну және алу; сауда; қызмет көрсету секторларын қосу керек.

III. Қазіргі жағдайларда тұжырымдамалық мән мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының салғырттығы салдарынан болуы мүмкін алаяқтықтың салдарынан халықты қорғаудың тиімділігі жоғары құқықтық механизмдерін жасау қажеттілігіне ие болды [2]

Лауазымды тұлғаларының салғырттығы салдарынан азаматтарға және ұйымдарға келтірілген зиян үшін Ресей мемлекетінің мүліктік жауапкершілігінің құқықтық механизмін құрудың алғашқы талпынысы РКФСР-ның «Меншік туралы» заңнамасында қарастырылды. Бұл заңның 30-бабы бойынша азаматтар мемлекетке айып таға алатын болды. Алайда азаматтардың өздерінің құқықтарын қорғау үшін осы ережені пайдалануының алғашқы ұмтылыстарынан кейін-ақ 30-бап алынып тасталды. Қазіргі уақытқа дейін Ресей Еуропа Кеңесінің сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы Конвенциясына қол қоймауының өзі де осыны айғақтайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселе келесідей тәртіппен тұжырымдамалық түрде шешілуі мүмкін: ресей мемлекеті ресей азаматына нормативтік-құқықтық актілердің жетіспеушілігіне байланысты алаяқтық салдарынан немесе мемлекеттік билік органдарының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен олардың мекемелеріндегі лауазымды тұлғалардың қатысуымен жасалған алаяқтық салдарынан келген зиян үшін жауапкершілік алуы тиіс.

IV. Алаяқтықпен күрестің түрлі шараларының арасындағы өзара қатынастың тұжырымдамалық мәселесін шешу осындай шаралардың қандай да бір криминологиялық негізделген иерархиясының құрылуын қажет етеді. Дәстүрлі түрде, мұндай шаралардың

жүйесінде үстем жағдайды жауапкершілік шаралары, барлығынан бұрын, қылмыстық жауапкершілік шаралары алады [3]

Бүгінде, белгілі болғандай, ешқандай маман да жауапкершілік шаралары қажетті нәтижеге алып келмейтіндігіне, барлығынан бұрын, қылмыстың бұл түрінің гипербеймәлімділігіне байланысты қажетті нәтижеге алып келмейтіндігіне күмән келтірмейді. Мәселенің мәнін анық түсіну, профилактиканың алаяқтыққа қарсы күрестің мемлекеттік шаралары жүйесіндегі нақты басымдық болып қалыптасатындығына алып келмейді. Алаяқтықпен күрестің өзге әдістерінің алдында профилактиканың басымдығы идеясы бүгінгі таңда Ресей мемлекетін негізінен дәл осы себептер бойынша «шошытады».

V. Алаяқтықпен күрестің түпкілікті мақсаттарын анықтау мәселесі тек теориялық мағынаға ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік мағынаға да ие. Қылмыстың аталған түрін жоюға ешқандай мемлекеттің күшінің жетпейтіндігі анық. Бұған қоса, кез келген индустриалдық мемлекет өздерінің азаматтарын олардың мүліктерін иеленіп алуға пайдаланылатын алдау мен теріс іс-қимылдың барлық белгілі түрлері туралы, сонымен қатар қандай да бір экономикалық іс-әрекетпен айналыса отырып, олар ұшырайтын тәуекел шараларын анық түсінуді қажет ететін экономикалық тәрбие туралы ақпараттандыру қамқорлығын өз мойнына алатын жағдайға ие. Осылайша, алаяқтықпен күрестің түпкілікті мақсаттары қылмыстың белгілі бір түрінің, экономикалық қызметпен байланысты тәуекелдер үшін өзінің жауапкершілігін дұрыс түсінетін халықтың шыдай алатын деңгейге дейін жетуін шектеуге алып келуі мүмкін.

VI. Алаяқтықтың барлық нысандарының ішінде барынша қауіпті алаяқтықтың бөлінуі, қылмыстың аталған түрінің нысандарының көптігіне байланысты, бізге өте күрделі мәселе болып көрінеді. Соған қарамастан, біздің қолымызда бар ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау бізге келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді: алаяқтықтың барынша жалпы түрлері төменде көрсетілген критерийлердің негізінде, алаяқтықпен күрестің бүкіл жүйесін құру үшін қажетті тұжырымдамалық бағыттаушы ретінде бөлінуі мүмкін, ал бұл критерийлер мыналар: бір ғана іс-әрекеттің алаяқтықтың белгісіне сәйкес келуі; экономикалық қауіпсіздіктің тікелей қаупі; халықтың 1%-дан астам бөлігіне мүліктік зиянның келу қаупі; алаяқтыққа ҚР Конституциясымен қарастырылған мемлекеттік қызметті иеленіп отырған лауазымды тұлғаның тікелей қатысуы; қылмыстарды РФ бірнеше субъектілерінің немесе бірнеше тәуелсіз мемлекеттердің аумағында жасау; қылмысты қылмыстық қоғамдастықтың құрамында (ұйымдасқан қылмыстық топтың) жасау.

VII. Алаяқтықтың негізгі факторлық кешенін бөліп көрсету мәселесі осы мәселеге шешілуіне алаяқтықпен күреске бағытталған бүкіл шаралар кешенінің негізделгендігі мен тиімділігі тәуелді болады. Аталған мәселенің басты аспектісі, қандай да бір алаяқтыққа әсер ететін құбылыстардың (философиялық мағынада бітпейтін) барлығынан барынша салмақтыларын ерекшелеу болып табылады. Бұл бағыттың теориялық түрде шешілмеуі ұзақ уақыт бойы отандық криминологиялық зерттеулерде «қылмыс факторы» түсінігінің өзін қолдануға өзіндік бір «тыйым» болып келді. Соған қарамастан, өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап, Г.М. Миньковскийдің жетекшілігімен орындалған қылмыспен күресті жоспарлау мәселелері бойынша зерттеулерде криминологиялық зерттеулерде факторлық талдау әдісін қолданудың шектері жеткілікті түрде негізделген [4]

Осы жұмыста көрсетілген мәселелер шеңбері әлі де жеткілікті емес және алаяқтықпен күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелерін терең зерттеуге бағыттаушы ғана болып табылады.

Әлемдік және ұлттық тәжірибе көрсеткендей, алаяқтықтың кеңінен таралуының азаюына және оның ауырлығының төмендеуіне тек қылмыстық жазалаумен ғана қол жеткізу мүмкін емес, себебі, мұндай шаралар алаяқтықтың әлеуметтік (әлеуметтік-психологиялық) себептері мен жағдайларын жоюы мүмкін. Алаяқтықпен күрес кешенді сипатқа ие болған жағдайда ғана онымен күрес тиімді болуы мүмкін.

Бұл зерттеудің мақсаты алаяқтықпен күрестің жалпы шараларын әзірлеп шығару емес. Бұған қоса, мұндай шаралар өзінің мәні жағынан қылмыспен күрестің жалпы шараларымен сәйкес келетіндігін, тиісінше, олардың жақсы зерттелгендігін немесе жаңа іргелі зерттеулер жүргізуді қажет ететіндігін айта кету керек. Осыған байланысты бұл жұмыста диссертант алаяқтықпен күрестің арнайы шараларын ғана қарастырады.

Мұндай шаралардың негізін, криминологтардың пікірі бойынша, ұйымдық-құқықтық (кейде технологиялық шаралар деп аталады) шаралар құрайды.

Егер қылмыспен күрес бойынша бағдарламаларды талдауға негізделетін болсақ, онда осы шаралар экономика саласындағы қылмысқа қарсы әрекет етудің арнайы шараларының негізін құрайды. Біздің зерттеу жұмысымыз көрсеткендей, алаяқтықпен күрестің ұйымдық-құқықтық шараларын жетілдіру бағыттарына төмендегілерді жатқызу керек:

- Ұйымдасқан экономикалық қылмысқа қарсы әрекет етудің ерекше бағыты ретінде алаяқтықпен күрестің функцияларын бекіту;
- Нормативтік-құқықтық актілерді кешенді сараптамадан өткізу міндеттерінің бірі ретінде алаяқтықтың жаңа түрлерінің пайда болуына әсер ететін немесе алаяқтық белгілерінен тұратын қоғамға қауіптіліктің, жазаланатын қылмыстық әрекеттің көлемінің немесе қарқындылығының артуына әсер ететін факторлардың сараптамалық мониторингінің (іздеудің, бағалаудың, талдаудың, болжаудың) функцияларын нормативтік бекіту (Н.Ф.Кузнецова, Г.М. Миньковский және басқалары);
- Трансұлттық алаяқтық ұйымдар мен олардың құрбандары туралы федералдық мәліметтері банкінің мәртебесін нормативтік бекіту;
- Компьютерлік алаяқтықтың алдын алу және оның құрбандарына көмек көрсететін сақтандыру қорын құру;
- Тұтынушыларды алаяқтықтың жаңа нысандары және олардың ерекшелік белгілері туралы жедел ақпараттандыру жүйесін жасау;
- Ірі алаяқтық мәмілелер жасау кезінде ең көп қолданылатын типтік жалған бағалы қағаздар, пластикалық төлем құралдары және басқа да жасанды құжаттар үлгілерінің федералдық банкісін құру;
- Тұтынушыны тікелей және жанама алдаудың алдын алатын ережелерді мазмұндайтын жарнама жасаушылар мен таратушыларға арналған жарнама әдебінің кодексін жасап шығару;
- Құқық қорғау органдарының бөлімшелер құрылымында экономикалық бағыттағы қылмыстарды ашу және тергеу уәкілеттіліктеріне ие несиелік қылмыстарды ашу немесе тергеумен маманданған тұлғаларды тағайындау;
- Алаяқтықпен немесе оның жекелеген түрлерімен күресу саласында шараларды қолдануға уәкілеттілігі бар құқық қорғау органдарының жедел құрамы мен тергеушілерін мамандандырылған дайындықпен қамтамасыз ету;
- Барлық негізгі әлеуметтік салалардағы алаяқтықтың алдын алуға бағытталған шараларды жасау үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуді мемлекеттік қолдау көрсету;
- Коммерциялық ұйымдардың ішкі және сыртқы алаяқтық қол сұғушалықтан қауіпсіздік жүйесін дамытып отыру;
- Трансұлттық алаяқтықпен күресу саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту [5]

Алаяқтықпен күресудің қылмыстық-құқықтық шараларын жетілдіру жалпы алаяқтықпен күрес жүйесінің ажырамас элементі болып табылады және бұл қылмыс жазасы көлемінің арттыруға немесе оның декриминализациясына бағытталмауы тиіс. Талдау көрсеткендей алаяқтықпен күресудің қылмыстық-құқықтық шараларын жетілдірудің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- алаяқтықпен және ең алдымен, оның ұйымдасқан нысандарымен күресуді қамтамасыз етуді қосымша енгізу мақсатында РФ ҚК-нің Жалпы бөліміндегі жекелеген институттарды (жекелей алғанда, дефинитивті) жетілдіру;

- алаяқтықпен күрес тиімділігін арттыру құралы ретінде келісімге келу институтын дамыту;

- заң шығарушылықтың кемшіліктерімен, сонымен қатар алаяқтықтың жаңа нысандарының пайда болуымен байланысты экономикалық қатынастарды қылмыстық-құқықтық қорғаудың жетіспеушіліктерін толтыру;

- алаяқтық үшін жауапкершілік туралы нормалардың диспозициялары мен санкцияларының белгісіздік деңгейін төмендету;

- қоғамдық қауіптілігіне сәйкес алаяқтықтың жекелеген нысандары үшін жазаны күшейту;

- кәсіби алаяқтық қызмет үшін жауапкершілік туралы нормаларды жетілдіру;

- компьютерлік техниканы, компьютерлік желілерді және технологияларды пайдаланумен байланысты алаяқтық үшін жауапкершілік туралы нормалар жүйесін жетілдіру [6].

Қолданылған әдебиет:

1. Алауханов Е.О. Пайдақорлық-зорлық қылмыстарының виктимологиялық аспектілері // Научный мир Казахстана.– 2005.– №2.– 25-29 б.
2. Клепицкий И.А. Недвижимость как предмет хищения и вымогательства//Государство и право. №12. 2000. С.47-54.
3. Шахкелдов Ф.Г. Ответственность за мошенничество, лжепредпринимательство и незаконное получение кредита по новому Уголовному кодексу // Юрист. 1998. № 5. – С.31-34.
4. Лопашенко Н.А. Преступления в сфере экономической деятельности: понятие, система, проблемы квалификации и наказания: Автореф. дис. док. юрид. наук. Саратов: Саратовская государственная академия права, 1997. – 408 с.
5. Осокин Р.Б. Уголовно-правовая характеристика способов совершения мошенничества: Дис. канд. юрид. наук. М., 2004. – 164 с.
6. Борчашвили И.Ш. Уголовно-правовые проблемы борьбы преступлениями против собственности.– Караганда, 1997. – 154 с.].

УДК 343,9

ВЛИЯНИЕ КРИМИНАЛЬНЫХ СУБКУЛЬТУР НА ИСПРАВЛЕНИЕ ОСУЖДЕННЫХ

Бердеш Тамерлан Молдагалиулы

mrtamer47@mail.ru

Студент ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель-Ю.Н.Дрокин